

Елбасы Халық әртісі
Әлібек Дінішевті қабылдады.
Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев
пен Әлібек Дінішев Қазақстанның
мәдениеті мен өнерін дамытудың қазіргі
мәселелері, сондай-ақ рухани жаңғыру
үдерісіндегі шығармашылық зиялы
қауым өкілдерінің ролі жөнінде
пікір алмасты.



ХАЛЫҚ ӘРТІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы халық әртісінің Отан алдындағы, мәдениет саласындағы еңбегін жоғары бағалап, оның елімізде ғана емес, шет елдерде де танымал екенін атап өтті.

Қазақстан Президенті мәдениетті дамытуды мемлекеттік деңгейде қолдаудың маңыздылығына назар аударып, соңғы жылдары осы салада қол жеткізілген нақты нәтижелерге тоқталды.

– Қазір еліміздің мәдениет саласы бағдарламалық мақаламда айқындалған бағыттарға сәйкес дамып келеді. Біз бүкіл әлемге паш етілетін туындылар жасауға кірістік. Жаңа опера және балет театрын, концерт залдарын салдық, соның бірі «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің аумағында орналасқан. Бәрі опера және балет театрында өнер көрсеткісі келіп, сонда баруды қалайды, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Әдішев Елбасыға мәдениет пен өнерге көрсеткен қолдауы үшін алғыс айтып, «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінен алған әсерімен бөлісті, сондай-ақ отандық өнер әлемінде болып жатқан жаңалықтар жөнінде әңгімеледі.

– Сіз елімізде өнердің дамуына зор мән беріп келесіз, жаңа мәдениет нысандары ашылып, жаңа шығармашылық ұжымдар құрылуда. Осының барлығы өнеріміз арқылы Қазақстанды әлемге таныту үшін жасалып отыр, – деді Ә.Дінішев.



«ЖАСЫЛ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ»
АПТАЛЫҒЫ

Малайзия павильонының күнделікті бизнес-бағдарламасының аясында «Жасыл қаржыландыру» апталығы өтуде. Шара 21 шілдеге дейін жалғасады. Аптаның іскерлік бағдарламасы Малайзияның Қазақстан мен қатысушы мемлекеттерге негізгі ұсына алатындығы жайлы ақпараттан тұрады. «Жасыл қаржыландыру» апталығын Халықаралық Астана Қаржы Орталығының Исламдық Қаржыландырудың басшысы Әлібек Нұрбеков басқарады.

Дүниежүзілік банк Бағалы қағаздар комиссиясымен бірге ислам нарығының капиталы мен Малайзияның энергетикамен байланысты инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мақсатында жасыл суқуканы шығарудағы тәжірибесі жайлы баяндады.

Сондай-ақ, исламдық қаржыландыру негізгі талқылау нысаны болатын іс-шарада Малайзия Debt Ventures компаниясы «Инфрақұрылым саласындағы исламдық қаржыландыру жүйесі – борыштық міндеттемелер жайы» тақырыбын сөз етті.

ЭКСПО-2017 Көрмесі аясында Малайзия жасыл энергияны ілгерілетуден бөлек туризм, білім беру, су және жасыл инновациялар, ақылды қалашықтар секілді экономиканың кілтті салаларындағы көшбасшылығын көрсетеді.

● АЛТЫ АЙДЫҢ АЙШЫҚТЫ АСУЛАРЫ

СОЛ ЖАҒАЛАУ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Бүгінде Қызылорда сәні мен салтанаты жағынан өзге де қалалардан кем түспейді. Өйткені, бұл қала Елордаға қарап бой түзеуде. Осы жерде шығыстық үлгіде жаңғыртылатын Сырдарияның сол жағалауындағы қаламандардың пікіріне сүйенсек, 2018 жылы республикалық бюджет есебінен тағы бір 320 орындық балабақша, 600 орындық мектеп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 500 келушіге арналған емхананың құрылысын жүргізу де жоспарда бар екен.

Алдағы уақытта осы аумақтан жастар орталығы, неке сарайы, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, онкологиялық орталықтың және Сыр елінің өткенінен сыр шертер Қазақ Орталық Атқару комитеті мұражайының ғимараттары бой көтермек. Облыстық бюджеттен бөлінген 68 млн теңгеге бұл нысандардың ішінен «Онкологиялық орталықтың» жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Ал, құрылыс жұмыстары қазан айында басталады деп күтілуде. Қазақ Орталық Атқару комитеті мұражайы құрылысының жоба-сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамасымен қоса әзірлеуге 7,7 млн теңге қаралған. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында іске қосылған «Тұрғын үй құрылыс компаниясы» өнімдерін пайдалана отырып салынып жатқан сол жағалаудағы 50 пәтерлік 4 арендалық тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамасымен қоса әзірлеуге қосымша 16 млн 221 мың теңге қаралған.

Біз бұл мақалаға тек сол жағалауда жүргізіліп жатқан жұмыстарды ғана арқау еттік. Сыр елінде толайы табыстарға бастайтын ауқымды тіріліктер жеткілікті. Ендігі жерде «төртеу түгел болсын» деп еңбек ету тұр.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ (сурет).

● ЖОЛ МЕН КӨШЕ

ТҮЙЫҚ КӨШЕЛЕР ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

Орталықтағы даңғылдар бірнеше рет күрделі жөндеуден өтсе де, қысқа, түйық көшелер «кейін бір реті келермен» қалыс қала беретіні бар. Шиели ауданының орталығында барлығы 103 көше болса, соның үштен бірі осындай көшелерге жатады. Биылғы жылы ауданда қысқа, түйық көшелерді жөндеу жұмыстарына мән беріліп, жаз айларынан бері жұмыс жүргізіле бастады.

– Әрине, атқарылар шаруаның бәрі қаржыға келіп тірелетіндігі белгілі. Аудан әкімі мен мәслихаттың шешімімен осы мақсатқа барлығы 60 млн теңге қарастырылған болса, нақты кезеңде орталықтағы және кентің шеткі аймақтарында орын тепкен жиырмаға жуық қысқа көшелер жөндеуден өткізілу үстінде. Оны «Шиели-Жолшы» ЖШС мекемесі жүзеге асырып отыр. Алдағы уақытта тағы да осынышама көшелерге тас төселініп, тегістелінеді. Бұл тұрғындарымызды қанағаттандырып, әлеуметтік жағдайларының дұрысталуына оң әсер етті, – дейді кент әкімінің орынбасары Әбдіманап Үмбетов бізбен әңгімесінде.

Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев бастаған атқарушы орын басшылары осылай кентің ризашылығына бөленді. Мәселен, Шиели кентінің түстік беткейінде орналасқан Мәметова түйығы мен Дулатов түйығы небәрі 200-300 метр шамасында болса да, ешқашан жөндеу көрмеген. Міне, осылар және Бұхар жырау атындағы және Гагарин көшелерінің арасында түйық көше, Аймауытов көшесінің 138 метрі, Панфилов көшесінің сол жағындағы 505 метрлік, оң жағындағы 600 метр түйық көшелер қазір жөндеуден өткізіліп үлгерді. Сол секілді Есенбайұлы атындағы көшенің 515 метрі, Нұрқасым түйығының 540 метрі, Шәкәрім мен Қазыбек би көшелерінің арасындағы 128 метрлік түйық жөндеуден өткізілді. Ал шеткі беткейдегі Әбдіқадыров

атындағы көшеге тегістей тас төселініп, ретке келіп қалыпты.

Осы көшенің тұрғыны Бұғыбай Нәрікбаев ақсақал мына қамқорлыққа алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

– Қыс болса лайсан, жазда шаңы бұрқырап, ойқы-шойқы болып жататын көшеміздің назарға ілігіп, жөндегеніне риза болдық. Кент әкімшілігіне арнайы адам жіберіп, алғыс айттық, – дейді. Өзіміз барып көрген Ботабаев түйығы да тас төселініп, тегістеліп қалыпты. Осы көшенің тұрғыны Раджу Әмірбеков енді түнгі жарық тұрғызып берсе, балаларға қыста жақсы болар еді дейді.

«Шиели-жолшы» мекемесі расында қауырт жұмыстар атқарып жатыр екен. Іс басында бригадир Канат Бектасов деген азамат жүр. Тракторшы Бекежан Кузенаев, тасымал көлігінің жүргізушілері Марат, Алдан, Қуат және су тасушы автокөлік шофері Ізбасқан Аймахановтар аянбай еңбек студе.

Иә, қазағымыздың «үлкен үйге не керек болса, кіші үйге сол керек» дегеніндей, үлкен көшелерге жасалынған қамқорлық кіші көшелерге де керек. Олармен де адамдар жүреді, күнделікті тіршілігін атқарады. Осындай қамқорлықтың үлгісін Шиелиден аңғарып, қуаттап отырыңыз.



Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиели кенті.

лауын ерекше атап өтуге болады. Қарқынды түрде құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан аймақ жұртшылықтың да ерекше қызығушылығын тудыруда. Аталған аймақ туралы облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық мәслихаттың 14 сессиясында айтып өтті.

– Өздеріңіз білетіндей, біз Қызылорда қаласының сол жағалау бөлігін игеруге барынша кірісіп кеттік. Бұған бізді тұрғындар санының және урбанизация деңгейінің өсуі жетелеп отыр. Қазірдің өзінде алғашқы болып 18 көпқабатты үйлерден тұратын шағын аудан, балабақша, жастарға қызмет көрсету орталығы, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар құрылысы басталды, – деді аймақ басшысы.

Сол жағалауды кешенді игерудің алғашқы кезеңі 2017-2024 жылдар аралығына белгіленген. Десе де, бұл бағыттағы жұмыстар мерзімінен бұрын басталды. Дәлел ретінде өткен жылы пайдалануға берілген Сырдария өзенінің екі жағалауын байланыстыратын көпірді айтып өтуге болады. Қаланың бас жоспарына сәйкес, аталған аймақтың 1532 гектарын игеру көзделген. Негізінен, сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан құралады. Атап айтқанда, тұрғындарға арналған 11 аудан, 1 индустриалдық аймақ және 3 ірі парк пен жасыл желікті аймақтар қарастырылып отыр.

2013 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 132,9 млн теңгеге Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 1532 гектар аумаққа инженерлік-геологиялық және геодезиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 2014 жылы осы аумақтың түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Аталған жоба облыс әкімдігінің қаулысымен бекітілді.

Қала дамуына жаңа қарқын беретін құрылыс жұмыстары толастаған емес. Ағымдағы жылдың мамырында Сырдария өзенінің сол жағалауынан 5

жекеменшік әріптестік аясында салынады.

Мамандардың пікіріне сүйенсек, 2018 жылы республикалық бюджет есебінен тағы бір 320 орындық балабақша, 600 орындық мектеп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 500 келушіге арналған емхананың құрылысын жүргізу де жоспарда бар екен.

Алдағы уақытта осы аумақтан жастар орталығы, неке сарайы, «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, онкологиялық орталықтың және Сыр елінің өткенінен сыр шертер Қазақ Орталық Атқару комитеті мұражайының ғимараттары бой көтермек. Облыстық бюджеттен бөлінген 68 млн теңгеге бұл нысандардың ішінен «Онкологиялық орталықтың» жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Ал, құрылыс жұмыстары қазан айында басталады деп күтілуде. Қазақ Орталық Атқару комитеті мұражайы құрылысының жоба-сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамасымен қоса әзірлеуге 7,7 млн теңге қаралған. Сонымен қатар, жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында іске қосылған «Тұрғын үй құрылыс компаниясы» өнімдерін пайдалана отырып салынып жатқан сол жағалаудағы 50 пәтерлік 4 арендалық тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамасымен қоса әзірлеуге қосымша 16 млн 221 мың теңге қаралған.

Біз бұл мақалаға тек сол жағалауда жүргізіліп жатқан жұмыстарды ғана арқау еттік. Сыр елінде толайы табыстарға бастайтын ауқымды тіріліктер жеткілікті. Ендігі жерде «төртеу түгел болсын» деп еңбек ету тұр.

КӘСІП

Кейде қаражатсыз кәсіп бастауды мүмкін еместей көретіміз рас. Сондықтан да ел ішінде жұмыс таппаған жанлардың аузынан «Қызмет жоқ. Кәсіп бастайық десек, қаражат керек» деген әңгімелерді көп естіміз. Осы тұрғыда ауыл-аймақтарда да ақшасыз, өзінің өнері арқылы кәсібін дөңгелеткен жанлар бар екен. Мысалы, солардың бірі Қазалы ауданы Қожабақы ауылының тұрғыны Ақзия Жақашова.



КЕЛІННІҢ КӨРКЕМ ДҮНИЕСІ

Бала кезінен іскерлікті жанына серік еткен оны киізден түрлі бұйымдар жасаудың шебері десек болатындай. Қазірдің өзінде Ақзияның қолынан шыққан туындылар түрлі көрмелердің көргін қыздырып жүр.

– Өзім Маңғыстау өңірінің тумасымын. Қожабақы ауылына келін болып түстім. Бұл жақта да үйде қарап отырмай, қолымнан келетін іспен шұғылдандуды керек деп таптым. Көбіне түрлі ою-өрнектерді киізбен байланыстырып, әйел адамдарға сөмкелер, әмияндар, ұзатылатын қыздарға жасау, аттың жабуларын, түрлі сыйлықтар жасаймын. Мәселен, бір аптада бір сөмке жасауға болады. Олардың бағасы да мың теңге мен 6-7 мыңға дейін жетеді. Бір сөмке сатсам, одан түскен қаражатқа тағы да екі-үшеуін жасауға тырысамын. Алдағы уақытта кәсібімді кеңейтсем деген жоспарым да жоқ емес. Жалпы, жұмысыма отбасым үнемі қолдау білдіріп отырады.

Бұйырғанына қарай табыс табамын, – дейді жас ісер.

Сондай-ақ, бір білгеніміз, Ақзия гобелен мен кілем тоқуды да үйреншікті ісіне айналдырған. Сурет өнерінің де қыр-сырын тамаша меңгерген.

Иә, мемлекеттің көмегіне сүйенбей, өз ісін дөңгелеткісі келетін ибалы келіннің мақсаты кім-кімді болмасын сүйсіндірмей қоймайтындығы рас. Біз де талантын талабына ұштастырған жаңға «Талабыңа нұр жаусын» деген ниет білдіреміз.

Е. ТАБЫНБАЕВ.

● РЕСЕЙДЕГІ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ

ӨНДІРІСКЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ МАМАНДАР ҚАЖЕТ

Бүгінгі таңда Қызылорда облысында бірнеше жобалар қолға алынып, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Сондай үлкен жобалардың бірі – шыны зауыты жыл соңына дейін пайдалануға берілмек. Бұдан бөлек облысымызда мырыш, уран өндірісі де қарқын алуда. Алайда, елімізде бұл салаға қажетті мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындары жоқ. Осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың

өңірінің үздік бітіруші түлектермен, олардың мамандықтарына сәйкес өңіріміздегі жұмыс беруші мекемелермен таныстыру және пікір алмасу алаңын қалыптастыру болатын.

Кездесуге жиналған 30 бакалавр, 15-ке жуық магистр түлектеріне басқосуға келген қонақтарды, мекеме басшыларын облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Еркебұлан Мәншібаев таныстырды.

«Байкен – У» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының кеңесшісі Ғайнулла Жарқынбаев, «АралТұз» акционерлік қоғамы директорының орынбасары Гүлжайна Шаймағамбетова, облыстық телекоммуникациялар дерекшіясының қызметкерлерді басқару және құжаттама бөлімінің басшысы Рысқұл Тәжіева, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Қарабалаев шетелде жоғары білім алған жастардың

еліміздің дамуына өз үлестерін қосатындарына сенім білдіріп, өндіріс орындарына қажетті мамандықтар туралы кенінен әңгімеледі. Кез келген студенттің мекемелерді аралап көріп, жұмыс орындарымен жақынырақ танысуға да болатындарын жеткізді.

Өз кезегінде өзге елде білім алып жатқан жастар да мекеме-кәсіпорын басшыларымен кездесу ұйымдастырған облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасына алғыстарын жеткізіп, өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салды.

Бұл кездесудің екі жаққа тиімділігі өте көп. Облыс көлеміндегі өндіріс орындарының басшылары келер жылы оқу бітіретін болашақ мамандармен танысып, өздеріне қажетті мамандықтары бар жастармен байланыс орнатты. Ал, оқу бітіретін жастардың қуаныштарында шек жоқ. Қолға диплом алған соң олар жұмыс іздеп сабымдайды. Ал, жастарды шетелде оқытудың да басты мақсаты да осы болатын. Себебі, өндіріс орындарына жаңа технологияның тілін білетін мамандар ауадай қажет.

Жеңісбек АЙЫМҚҰЛОВ.



бастамасымен Ресейдің жетекші оқу орындарында 400-ге тарта Сыр өңірінің жастары білім алуда. Олар қазіргі таңда өндіріске аса қажетті мамандықтарға машықтанып, жаңа технологиялардың қыр-сырын меңгеруде.

Сейсенбі күні «Арай Акпарк» ойын-сауық кешенінде Қызылорда облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «Жарқын. Сенімді. Мақсатшыл» атты Ресей Федерациясында білім алып жатқан жастармен бейресми кездесу өткізілді. Кездесудің басты мақсаттарының бірі – 2017-2018 оқу жылындағы Ресейдің Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларының жетекші оқу орындарының Сыр

Алғашқы сөз кезегін алған облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының бас маманы Бекзат Тамшыбай облыс көлемінде жақын арада жаңадан ашылатын жұмыс орындары туралы толық ақпараттармен бөлісті. Бекзат Сағатулының айтуынша, жылдың аяғына дейін шыны зауыты мен кальцийлендірілген ас содасын шығаратын зауыт іске қосылады. Бұл өндіріс орындарына жаңа технологияның тілін білетін мамандар қажет. Сондықтан да келер жылы оқу бітіретін түлектер осында жұмысқа орналасуға мол мүмкіндік бар екенін жеткізді.

Сонымен қатар бейресми кездесуде «Абзал и К» толық серіктестігінің директоры Мағжан Ералиев,



Сырдария ауданы Теренөзек кентінде көпбалалы Абдраевтардың үйі қақаған қыста түгелімен отқа оранып, 9 адам далада қалған еді. Оның алтауы – бала. Бір мезетте баспанасыз қалған отбасына «Нұр Отан» партиясының өкілдері қол ұшын созды. Абдраевтарға уақытша пәтер жалдап, азық-түлік, киім-кешек, ылдас-аяқтарын жеткізіп берді. «Нұр Отан» партиясы «Темір

КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫНА ЖАҢА ҮЙ САЛЫНУДА

жол» филиалының жедел кеңес отырысын шақырып, комиссия құрып, қыстың көзі қырауда далада қалған тоғыз жанға қамқорлық жасау ұсынылған. Осы отбасының ұлы – Абай теміржол саласында қызмет атқаратыны ескеріліп, оған әріптестері қаржылай көмек көрсетуді шешті.

Көпбалалы ана Дидар Абдраева көмек қолын созған жандарға ризашылығын білдірді.

– Халқыма, еліме рақметімді айтамын. Осы «Нұр Отан» партиясының қолдауымен берген қаржылай көмектерінің арқасында үйімді бастап көтеріп жатырмын.

Қайырымдылық шараға атсалысып жүрген «Нұр Отан» партиясы «Темір жол» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Тынбаева алдағы уақытта да көмектерін жасайтындарын жеткізді.

– Қандай көмек керектігін білу мақсатында бүгін тағы келіп отырмыз. Алдағы уақытта да көмектер көрсетілетін болады. Бұдан бұрын да дәл осындай қолдау өрттен зардап шеккен тағы бір көпбалалы отбасына көрсетілген болатын, – деді ол.

Жалпы жыл басынан бері партиялық жобаларға он мыңнан астам қызылордалық қатысып, бес жүзге жуық шаруа өткізілген.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Марсбек Мөлдібаев «Үлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» бес институционалды реформасының және облыс әкімі берген тапсырмалардың аймақта жүзеге асырылуы бойынша атқарылып жатқан ауқымды істер жөнінде әңгімеледі.

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Баскарма басшысының айтуынша, облыста 54 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 23-і өткен жылдан өтпелі болса, 31-нің құрылысы жаңадан басталған. Қазіргі таңда 9-ы тапсырылса, тамыз айында 10 нысан, ал жыл аяғына дейін тағы 7 нысан пайдалануға беріледі деп күтілуде.

– Баскармаға 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік және жеке инвестициялар есебінен салынатын нысандарға құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу туралы 161 хабарлама түсті. Оның 85-і бюджет қаражаты есебінен салынатын құрылыстар, қалған 76-сы жеке қаражаттарына тұрғызылады, – деді М.Молдабаев.

Баскарма тарапынан жалпы саны 124 тексеру жүргізілген. Облыс көлемінде салынып жатқан құрылыс нысандарының сапасын бақылау және қадағалау кезеңінде анықталған бұзушылықтарға байланысты ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларында 53 әкімшілік іс қаралған. Сондай-ақ, есепті мерзімде баскармаға expertтік қызметпен айналысуға 254 өтініш түссе, лицензияны қайта рәсімдеу, қосымша жұмыс түрін қосу және жаңадан лицензия алуға барлығы 265 өтініш қабылданған.

Қазіргі таңда облыс орталығында 2 балабақша, шыны зауыты, мұрағат, Титов қыстағынан индустриялық аймаққа дейінгі темір жол түйіңгі, 15 көпқабатты тұрғын үй, автобус парк мен газ толтыру компрессорлық станциясы құрылыстары және Белкөл кентін газдандыру, Қорқыт ата көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс процесінің негізгі көрсеткіштері сапа мен мерзім болса, нысанның сапалы және уақытылы аяқталуы бірінші кезекте мердігердің ішкі бақылауына, сонан соң тапсырыс берушінің авторлық және техникалық қадағалау қызметтерінің өз дәрежесінде атқарылуына тікелей байланысты. Баскарма осы бағытта алдын алу мен анықталған кемшіліктерге тосқауыл қою, жою жұмыстарын атқарып келеді. М.Молдабаев баскарма тарапынан қадағалау жүргізу барысында бас мердігерлер тарапынан құрылыс нормаларынан ауытқушылықтар, нысанда техникалық қауіпсіздік талаптарын, құрылыс ережелерін сақтамау жағдайлары әлі де болса кездесіп отыратынын жеткізді.

Айнұр БАТТАЛОВА.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰАТ ЖӘНЕ РЕСУРСҮНЕМДЕУШІ ТЕХНОЛОГИЯ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Студенттер сарайында» «Құрылыс және мұнай салаларының инновациялық қуат және ресурснөмдеуші технологиялары» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынды ҚМУ ректоры, техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Қылышбай Бисенов ашты, жүргізді.

Дөңгелек үстел барысында Қазақстанның Еңбек Ері, Парламент Мәжілісі депутаты Абзал Ералиев, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры, техника ғылымдарының докторы Серікбай Өмірзақов сөз алып, энергетикалық қорларды өңдеудегі жаңа технологиялар мен ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін саралады.

Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары өз еңбектерінде кәдімгі бетон, арболит, полистролбетон, көбікбетон өндірісінде құн қуатын пайдалану проблемасын қарастыруда. Ғалымдар кең көлемді зерттеулер жүргізіп, күн энергиясын өз бетінше немесе онымен бірге ішінара дәстүрлі қуат көздерін қолдану арқылы түрлі бетон бұйымдарын қатайтуға болатынын дәлелдеді. Сондай-ақ, күріш қауызы негізінде арболит алу мүмкіндігіне қол жеткізді. Сыр



ғалымдарының жетістігі мұнымен бітпейді. Қызылорда мемлекеттік университетінің қабырғасында жасалған биопрепараттарды пайдалану арқылы топырақты тазарту мониторинг технологияларының жоғары тиімділігін көрсетті. Мұндай зерттеулер мұнай және оның өнімдерінен ластанған аймақтарды қалпына келтіру үшін аса қажет.

Қорқыт ата университеті ғалымдарының осы сынды жетістіктері өңіме арқауына айналды. «ПетроҚазакетан Құмкөл Ресурси» АҚ техникалық директоры, техника ғылымдарының кандидаты Ғалым Байманов мұндай ластанған аймақтарды тазарту жайын

ТҰРМЫСЫМЫЗ АЖАРЛЫ, АУЫЛЫМЫЗ БАЗАРЛЫ

Өз басым «ынтымақты ел – ырысты» деген қанатты сөзді біздің өңірімізге бағыштап айтылғандай сезінемін. Соңғы жылдар мұғдарында облыс, аудан көлемінде көптеген игілікті істердің жүзеге асқанына куә болып жүрміз. Мәслихат депутаттарының алдында есеп берген облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың сөзінде атқарылған жұмыстар мен алдағы уақытта жүзеге асуға тиісті міндет-мәселелерді нақты баяндағаны белгілі. Баршасына БАҚ арқылы құлағдар болғандықтан, осындай игіліктің біздің Бөген ауылдық округінде де көрініс тауып жатқанын айтып, облыс әкіміне ауыл тұрғындарының ризашылығын жеткізгенді жөн санадым.

Бөген ауылдық округі аудан орталығынан 150 шақырым қашықтықта орналасқан. Негізінен балық аулап, мал өсірумен шұғылданытын алыс ауылда көптеген әлеуметтік мәселелер шешімін тапқан. Қарашалаң, Көне Бөген елді мекендері қарайтын округ халқына екі онбіржылдық мектеп, балабақша, екі клуб, емхана, ФАП, қос кітапхана, пошта, өзге де нысандар қызмет жасайды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген бар. Орайы түскенде ауыл халқының көптен бері толғандырып жүрген өзекті бірнеше мәселенің түйіні тарқатылып жатқанын жеткізе кетсем деймін. Бұған дейін ауылға ауыз су автокөлікпен тасымалданып келгені жасырын емес. Енді бұл мәселенің шешімін табатын сәті қашық емес. Ауылға ішкі су желілері тартылып жатыр. Тендер жеңімпазы да анықталған. Оған қоса Kcell, Beeline ұялы телефон байланысының антеннасын орнату үшін ауыл орталығынан жер актысы берілді. Бөген, Қарашалаңда бұл мәселе шешіледі деп күтілуде.

Жол азабын жүрген білетіні тағы рас. Бұл төңіректе тұрғындарды қуанышқа бөлеген жұмыс қолға алынууда. «Аманөткел – Бөген» бағытындағы автожолға үшінші деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Осы жолдың сапасыздығы ауыл халқын көп уақыттан бері мазалап жүрген болатын. Бөгенге облыс орталығынан аптасына үш мәрте «Икарус» автобусы қатынайтынын, мұндай маршрут өзге ауылдарда жоқ екенін атап кету ләзім.Бұған дейін жолаушылар мен көлік иелерін қинап келген жолдың жағдайы да жақсаратын болғанына жұртшылық өте қуанышты. Жөндеу жұмыстарын аймаққа белгілі «Қыран» ЖШС



ұжымы жүргізуде. Сонымен қатар ауылымызға Халықаралық Аралды құтқару қорынан жаңа су таситын арнайы көлік берілгеніне де алғысымыз шексіз.

Міне, осындай халық үшін пайдалы, тұрмыс жағдайымызды жақсартуға бағытталып жүзеге асып жатқан игілікті жұмыстарға ауыл тұрғындары шынайы ризашылығын білдірді.

Әділхан ӘБДІКӨРІМОВ,
Бөген ауылдық округі
ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Арал ауданы.

● ЖИЫН

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының құрылғанына 5 жыл толуына орай «Достық үйінде» «Бала құқығы – асыл қазына» тақырыбында конференция өтті.

Жиынды облыстық соттың төрағасы Қамбар Нұрышев ашып, жүргізді.

Шара барысында Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының тыныс-тіршілігін айшықтайтын бейнеролик көрсетілді. Қапалық ішкі істер басқармасы Жергілікті полиция қызметінің бөлімше бастығы, полиция капитаны А.Сызықов ювеналды полиция бөлімшесінің ағымдағы жылдың 6 айында атқарған жұмыстары жөнінде хабарлады.

Заң балалардың жеке басының қадір-қасиетін қорлаудан, үлкендер тарапынан ұрып-соғу, ұрысқа жұмсау, қаңғыбастьққа итермелеу сынды теріс әрекеттерден қорғайды. Бала өз ойын, пікірін еркін жеткізуге құқылы. Тәрбиені бесіктен бастайтын дана халқымыз бала құқығын қорғауда талайға үлгі бола алады. Әдет-ғұрпымызда да бесік жырынан бастау алатын ұлттық тәрбие тұсау кесу, ат жалын тартып мінізу, өз алдына отау ету, еңші беру сияқты дәстүрлерімізбен толығады. Қазақ қашаннан елдің ертеңгі тұтқасы болар азаматына барынша ұлттық тәлім берген. Жиын барысында осы сынды ойлар негізге алынды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес кәсіпкерлер палатасының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында мамандандырылған соттарды құру қолға алынған болатын. Аталған соттар 2007 жылы Астана және Алматы секілді ірі қалаларда құрылды. Мұндай сот облысымызда 2012 жылы өз жұмысын бастады.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

«KAZAKH INVEST»: ШЕТЕЛ ИНВЕТОРЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАНДАНАДЫ

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің құрамындағы шетелдік инвесторларды тарту бойынша жұмыс істейтін «KAZAKH INVEST» ұлттық операторының жұмыс істей бастағанына жуырда жүз күн толды. Компания басшылығы осы күнге орай Астана қаласында баспасөз брифингін өткізді.

– «KAZAKH INVEST» компаниясының алғашқы 100 күн жұмысы барысына талдау жасап, елдегі инвестициялық ахуалды нақтылап, инвесторлармен жұмыс істейтін нақты басым елдер тізімін анықтадық. Сондай-ақ, біз компанияның кейбір ішкі үдерістерін түзеттік. Біз алдымызға қойылған міндеттеріміздің маңыздылығын ескере отырып, инвесторларды жан-жақты қолдау жұмысында жоғары халықаралық сапа стандарттарын ұстанамыз, – деп «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Максат Қабаев.

Басқарма төрағасының атап өткеніндей, 100 күн жұмыс ішінде шетелдік инвесторлармен бизнес-жобаларды ашу бойынша 90 кездесу өткізілді. Кездесулер Қазақстан экономикасының басым секторларына инвестициялар тартуға қатысты өткізілді. Олар машина жасау, фармацевтика, химия және мұнай-химия, агроеркәсіп секторы, металлургия, өңдеу өнеркәсібі салаларын қамтиды. Шетелдік компаниялармен 22 ынтимақтастық туралы келісімдерге қол қойылды. Олардың ішінде Yıldızlar SSS Holding (Түркия, энергетика) және тұркиялық MadenÇelik/Çelik Holding (Түркия, тау-кен металлургия кешені), S2 Global (АҚШ, машина жасау), AIAC (АҚШ, машина жасау), Metallwärgenfabrik GmbH (АҚШ, тау-кен металлургия кешені), Linde Group (Германия, химия саласы), Ferrostaal (Германия, машина жасау) сияқты белгілі компаниялар бар. Қазақстанда өз бизнесін жүргізуге американдық, британдық, неміс, испан, қытай, түркия инвесторлары қызығушылық білдірді. Олардың ішінде Samproffio (Испания, мал шаруашылығы), Gruma (Мексика, тамақ өнеркәсібі), AGOMED (Польша, фармацевтика), Building and Construction Authority (Сингапур, инфрақұрылым), және тұркиялық Madencilik, Grupo Cobra (Испания, энергетика, инфрақұрылым) компаниялары бар.

«KAZAKH INVEST» компаниясының шетелдік өкілдері есепті кезеңде әлеуетті инвесторлармен 160-тан астам кездесулер мен келіссөздер өткізді. Олардың ішінде АҚШ, Қытай, Түркия, Канада, Бразилия, Мексика елдерінің, соның ішінде 33 транслұттық компания бар. Қазақстанға американдық, түрік және қытай транслұттық корпорация өкілдерінің сапарлары ұйымдастырылды. Олар нәтижелі болып меморандумдарға қол қойылып, инвестициялау туралы шешімдер қабылданды. Жуырда Қазақстанда түрік бизнесі жобаларының іске қосылуы жоспарланып отыр. Олар Agrobest Group – Алматы қ. пестицид және гербицид өндірісі, Оңтүстік Қазақстан облысында Ufuk Tatım – химиялық және органикалық минералдық тыңайтқыштар өндірісі, Оңтүстік Қазақстан облысында Volkan Ambalaj – картон қаптамалар өндірісі, Ақтау

қаласында Play Park – балалар ойын орталығы салалары болып табылады. Көрсетілген жобалар бойынша инвестициялардың жоспарланған көлемі шамамен 36 млн АҚШ долларын құрайды. Болашақта 300-ге жуық жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

2017 жылдың соңына дейін және 2018 жылы құны 7,7 млрд АҚШ долларын құрайтын 16 инвестициялық жобаның іске асырылуы жоспарланды. Олар 7 жоба, 3 инвестициялық келісім-шарттарды қамтиды. Жоспарланған 11 жоба бойынша 7 салада құрылыс жұмыстары басталады. Олар химия өнеркәсібі, машина жасау, мұнай-химия, металлургия, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, мұнай-газ, энергетика саласы болып табылады.

Сондай-ақ, 2017 жылдың соңына дейін 6 реинвестициялық жобалардың іске қосылуы жоспарланған. Олар ALSTOM (Франция, трансформаторлар шығару), NYK Line (Жапония, құрылыс, автомобиль терминал), Heidelberg Cement (Германия, цемент өндірісі), Gold Aluminum (Түркия, алюминий профилерін өндіру), ULKER (Түркия, кондитерлік өнімдер өндірісі), Kelup (Қытай, сояны қайта өңдеу), жобаларын қамтиды.

Өңірлерде инвесторларды айтарлықтай қолдау бойынша жұмыстар атқарылды. 10 шілде күні 16 өңірлік директор және олардың 14 орынбасары тағайындалды (өңірлік директор облыс әкімдерінің штаттан тыс кеңесшісі қызметін атқарады). Шетелдік инвесторларды жергілікті жерде сүйемелдеу және мүдделерін қорғау өңірлік директорларының және олардың орынбасарларының басты міндеттері болып табылады.

Бүгінде «KAZAKH INVEST» компаниясының өңірлік өкілдері инвесторлардың өзекті мәселелерін өңірлер әкімдерінің деңгейіне дейін жедел көтеру өкілеттілігіне ие болып отыр. Бұл инвесторларға жәрдем көрсетуге және бюрократия кедергілерін азайтуға мүмкіндік береді. Есепті кезеңде «KAZAKH INVEST» компаниясының аймақтық бөлімі өңірлерді зерттеу және шетелдік инвестицияларды тарту үшін аймақтарға шығатын болды.

Үстiмiздегi жылғы 1 сәуiр мен 11 шiлде аралығында компанияның өңiрлiк бөлiмiмен 115 кездесу өткiзiлдi және инвесторлардың 74 мәселесi қаралды. Оның iшiнде 22 мәселе оң шешiмiн тапты. «KAZAKH INVEST» компаниясы қазақстандық экспортты сүйемелдеу, iлгерiлету және дамыту саласында қазақстандық бизнестiң қатысуымен 146 қазақстандық және 600 шетелдiк компанияларды қамтитын 10 елде 16 экспорттық iс-шара өткiздi. Аталған мерзiмде қол қойылған экспорттық келiсiмшарттар құны 95,4 млн АҚШ долларын құрады (азық-түлік, құрылыс материалдары, машиналар мен жабдықтар жасау, тыңайтқыштар, металлургия өнiмдерi, лак-бояу өнiмдерi). 10 ел бойынша (Тәжiкстан, Қырғыз Республикасы, Ресей, Беларусь, Ауғанстан Ислам Республикасы, Армения, Грузия) сауда жүргiзiлдi.

Дайындаған
Ж.АЛМАХАН.

Өңірлік ХІІІ жастар Дельфий ойындарының

ЕРЕЖЕСІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Дельфий ойындары – бұл бүгінгі заман талабына сәйкес өнер саласында, жас кесіби шеберлер арасындағы өнердің бар түрін (бейнелеу, орындаушылық, қолданбалы, сөздік, әлеуметтік, экологиялық) біріктіретін кешенді байқау.

Ойындар мәдени мұраны сақтап, және талаптарды тауып оқыта қолдау, өскелең ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуына рухани, эстетикалық тәрбие беру, мәдени аралық диалог пен ұлттық мәдениеттің дамуына ақпал етуді көздейді.

Өңірлік Дельфий ойындары – Ұлттық Дельфий комитетінің жастардың дельфий ойындары (халықаралық) және дельфий ойындары өткізу туралы (халықаралық) ережелеріне бекітілген Ұлттық ашық дельфий ойындары ережесіне сәйкес (бұдан әрі - Ереже) өткізіледі.

БАЙҚАУДЫҢ МАКСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Дельфий ойындары (бұдан әрі - ойындар) өнердің жоғары форма ретінде жастарды зерттебілсіз дамыту мақсатында өткізіледі. Шығармашылық дарынды және талантты жастарды тауып, орындаушылардың кесіби өсуіне қолдау көрсету. Адамгершілік құндылықтарды, жоғары эстетикалық және интеллектуалдық талаптарын қалыптастыру.

Қазіргетті өнер арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді дарытып, ұлттық мәдениеттің, музыкалық дәстүрді сақтау және дамыту, мәдени мұраны насихаттап, ел халқының ұлтаралық жоғары диалогын қалыптастыру. Жастарды мемлекеттің әлеуметтік мәдени мәселелеріне өнер арқылы шешім табуға баулу.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

- Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы;
- «Ашық Азаматтық Қоғам» апаратылық-ресурстық орталығы» қоғамдық қоры;
- Ұлттық Дельфий комитетінің қамқорлығымен.

Ойындардың дайындық және өткізілу жұмыстарына ұйымдастыру алқасы мен ойындарды өткізу мен дайындық бойынша жұмыс тобы басшылық етеді.
Жұмыс тобы ойындардың салтанатты ашылу және жабылу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету, номинациялар бойынша өту орындары және залдарды қамту, ойынның ашылу және жабылу рәсімдеріне әрістер мен шығармашылық ұжымдарды тарту, еріктілер тобының жұмысын ұйымдастыру, қазылар құрамын жасақтау, жеңімпаздарды марапаттау жұмыстарын жүзеге асырады.

ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

Дельфий ойындарының ашылу және жабылу салтанатын қоса есептегенде ойындар А. Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде 2017 жылдың 22-23 тамыз күндері аралығында өтеді.
Облыстық байқау жеңімпаздары Қазақстан Республикасының Ұлттық ойындарына қатысуға мүмкіндік алады. Қызылорда облысы жастары арасындағы дельфий ойындары 20 номинация (№1 қосымша) бойынша жарияланып, тапсырыс берілген (5-тен кем емес) номинация бойынша өткізіледі.

БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАСЫ

Дельфий ойындардың облыстық кезеңін өткізу ұсынылып отырған (№3 қосымша) техникалық және бағдарламалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Техникалық және бағдарламалық талаптар орындалмаған жағдайда қатысушылар ойынға жіберілмейді.

Облыстық дельфийлік ойындарға қатысушылар 2017 жылғы 30 шілдеге дейін талапқа сәйкес тапсырыс жіберулері қажет. Тапсырыс жолдау – ойын Ережесінің барлық талаптарымен келісу болып табылады. Ашық дельфий ойындарының ұйымдастырушылары конкурстық және фестивалдық бағдарлама мен ойынның бағдарлама талаптарына өзгерістер енгізе алады. Әр номинацияға келіп түскен тапсырыстар саны 5 қатысушыдан кем болған жағдайда ұйымдастырушылар тобы сол өнер түрінен байқауды өткізбеге құқылы.

Ойын қатысушыларына тіркесу орнында өнер номинацияның өтетін жері, күні, мекені, конкурстық уақыты көрсетілген арнайы бағдарлама таратылады. Қатысушылардың өнер көрсету реті қатысушылардың аты-жөні бойынша алфавиттік әріптер тәртібі арқылы анықталады.

Барлық номинация бойынша жарыс көпшілік алдында өтеді және жағтқа орындауы міндетті. Шығарма қазылар шешімі бойынша қысқана немесе толық орындауы мүмкін.
Бағдарлама талаптарына сәйкес келмейтін, тапсырыста көрсетілмеген жұмыстар мен шығармалар қазылар тобымен бағаланбайды.

НОМИНАЦИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Дельфий ойындарына соңғы үш жыл көлемінде қалалық кезеңнен бірінші орын алған қатысушылардан басқа өнерпаздарға рұқсат етіледі.
Ойын өткізу кезінде қатысушылардың жас ерекшелігі Ережеде көрсетілген критерийге сәйкес болуы шарт. Жас ерекшелігі бойынша сәйкес келмейтін үміткерлер қатыстырылмайды. Байқау барысында әр қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттары болуы міндетті ойындарға қатысуға кететін шығындар қатысушылардың өз тарапынан төленеді.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ МЕН МАРАПАТТАУ

Байқаудың жеңімпаздарын Қазылар алқасының құрамы анықтайды. Қазыларға төраға жетекшілік етеді. Қазылар алқасының шешімі нақты және қайта қарастырылмайды.

Қазылар әр номинация және жас ерекшеліктері бойынша лауреаттарды анықтайды. Алға құрамы жүзделіс орындардың барлығын бірдей тағайындамауға құқылы. Жеңімпаздар жүзделіс 1, 2, 3 орындарды иеленеді және арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталады.

ӨТІНІШІ БЕРУ ШАРТТАРЫ

Дельфий ойындарына қатысу туралы өтініштер үлгіге (№2 қосымша) сәйкес 2017 жылғы 30 шілдесіне дейін а сайлауы@mail.ru электронды поштасына «Дельфий-2017» бекітісімен қабылданады. ЖОО, колледж және мектеп атынан жалпы ұжым болып өтініш жіберген жағдайда жіберуші тараптың қолы мен мөрі (печат) қойылған өтінішті өскерленген нұсқамен жіберулерінің шарт. Жеке тұлға өз атынан да өтініш бере алады. Өтінішпен бірге қатысушы өз өнерін бейне материал (видео арқылы; ұялы телефонға түсірілген видео жағдайда) арқылы жіберуі міндетті.

Қосымша ақпарат алу үшін +7 707 282 65 15; +7 778 282 65 15, номерлеріне хабарласуға болады.

№1 қосымша

Өңірлік ХІІІ жастар Дельфий ойындарының номинациялары		
№	Номинация атауы	Жас ерекшеліктері (жас, қоса есептегенде)
1	Фортепиано (жеке орындау)	10-15 16-24
2	Скрипка (жеке орындау; өз концертмейстермен)	10-15; 16-21
3	Баян, аккордеон	10-15; 16-21
4	Халық аспаптары, домбыра (жеке орындау); Кыл-қобыз (жеке орындау; өз концертмейстермен)	10-15; 16-21
5	Халық аспаптары, Прима-кобыз (жеке орындау; өз концертмейстермен)	10-15; 16-21
6	Халық аспаптары, Кыл-қобыз (жеке орындау; өз концертмейстермен)	10-15; 16-21
7	Халық әні (жеке орындау; өз концертмейстермен)	10-15; 16-21
8	Эстрадалық ән (жеке орындау; минус 1 сүйемелдеу)	10-15; 16-21
9	Халық биі (16 адамға дейінгі ұжым)	10-14; 15-22
10	Қазіргі заман биі (16 адамға дейінгі ұжым)	15-22
11	Фотосурет (жеке)	14-17; 18-24
12	Бейнелеу өнері (жеке)	10-15; 16-21
13	Кіім дизайны (жеке)	16-25
14	Театр (5 адамға дейінгі ұжым)	15-23
15	Тележурналистика (2 адамға дейінгі түсірілу тобы)	15-25.
16	Қысқаметражды кино, видеоролик (3 адамға дейінгі ұжым)	15-25.
17	Ыммен ән салу (жеке орындау; минус 1 сүйемелдеу)	16-25.
18	Дикоративті-қолданбалы өнер	15-18; 19-24
19	Ди-джей (жеке)	16-25
20	Хореографиялық өнер (есту мүмкіншілігі шектеулі қатысушылар)	10-13; 14-21.

№2 қосымша

Дельфий ойындарына қатысу үшін ТАПСЫРЫС ҮЛГІСІ

1	Аты-жөні (құжат бойынша)	
2	Туған күні, айы мен жылы	
3	Байланыс телефоны, электронды адресі	
4	Номинация атауы	
5	ЖОО, колледж немесе мектеп атауы	
6	Ұжым атауы (топпен қатысқан жағдайда)	*Жеке қатысушыға қатысты емес
7	Қатысушылар саны	*Жеке қатысушыға қатысты емес
8	Жас ерекшелігі	
9	Ұжым мүшелерінің аты-жөні (құжат бойынша)	*Жеке қатысушыға қатысты емес
10	Шығарма атаулары (бірінші және екінші кезеңге)	
11	*Жұмысшының видео түрінде жіберілген атауы	

Жауапты тұлғаның аты-жөні, қолы, мөрі, өтініш берген күні

● ЗАҢҒАҒА ТҮСІНІКТЕМЕ

Тәуелсіздікке қол жеткізген ширек ғасыр ішінде еліміз толағай табыстарға қол жеткізді. Соның бірі – мемлекеттік шекарамыз шегенделіп, босамамыз бекіді, әлемдік аренада саяси салмағы артты. Тәуелсіздік пен шекара – егіз ұғым десек, қазақ елі өз алдына дербес мемлекет атанған тұста ең алдымен бар күш-жігерін мемлекеттік шекараны шегендеуге жұмсады.

Шекара қызметі әлбетте «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңға сәйкес жүргізіледі. ҚР Үкіметі шекара маңындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағы шегінде осы Заңда айқындалған заңдар оны режимді қолданалатын шекаралық аймақты белгілейді. Шекара режимі шекаралық аймаққа кірудің, онда уақытша болудың, тұрудың немесе орын ауыстырудың, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізудің белгіленген тәртібі болып саналады.

Заңның 29-бабы бойынша Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізудің, шекаралық белдеуге кірудің, онда уақытша болудың, тұрудың, жүріп-тұрудың және шекаралық белдеудің үстімен ұшуды жүзеге асырудың, Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге қызметті жүргізудің, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізудің, Мемлекеттік шекараны бұзуға байланысты шекарадағы то-сын оқиғаларды шет мемлекеттіңн шешудің белгіленген тәртібін сақтауға Мемлекеттік шекара режимін бұзу бо-лып табылады.

Ал заңның 30-бабы мемлекеттік шекараны бұзушыларды анықтайды. Олардың қатарына мемлекеттік шекараны өткізу пункттерінен тыс жер-де немесе өткізу пункттерінде және мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орын-дарда қанша кәсіп етудің белгіленген тәртібін бұза отырып, кез келген тәсілмен кесіп өткен немесе кесіп өтуге әрекеттенуші адамдар жатады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасына зан заңсыз шығу мақсатында шетел-ге бара жатқан қазақстандық немесе шетелдік көлік құралдарына кірген не-месе кіруге әрекет жасаған адамдар-да да сол санатқа жатады. Сол секілді аумақтық суларға (теңізге) немесе ішкі суларға, сондай-ақ шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су айдындары суларының қазақстандық бөлігіне, осы суларға кірудің белгіленген тәртібін бұза отырып кірген шетелдік әскери

емес кемелер және әскери корабльдер, оның ішінде су астымен Мемлекеттік шекараны кесіп өткен немесе Қазақстан Республикасының суларында жүзу және тұру кезінде су астында болған шетелдік сүнгүір қайықтар және басқа да көлік құралдары (объектілері) ше-кара бұзушыларға жатады. Белгіленген тәртіпті бұза отырып Мемлекеттік шекараны кесіп өткен, сондай-ақ Мемлекеттік шекарадан белгіленген әуежайларға немесе әуеайлақтарға ұшу

рұқсаттамалары болған кезде сол үшін белгіленген орындарда жүзеге асыры-лады. Жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың басшыларын өз қызметтік міндеттерін орындаған кезде шекаралық белдеуге өткізу жеке басын куәландыратын құжаттар болған кезде сол үшін белгіленген орындар-да іске асырады. Халықаралық ұшуды орындамайтын әуе кемелерінің әуе кеңістігінде шекара кеңістігінің өзге де аумағының үстінен ұшуы Қазақстан

месе ұжымалық рұқсаттамалар беру тәртібін айқындайды, шекаралық аймақта және шекаралық белдеуде қоғамдық-саяси, мәдени және өзге де іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі ұстаған адамдарды Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес ішкі істер органдарының тергеу изоляторларын-да, уақытша ұстау изоляторларында ұстайды.

Заңның 62-бабы бойынша Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті анықталған. Қазақстан Республикасының жер-гілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекараны қорғау үшін жағдайлар жасауға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді шығарады. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін шекаралық кеңістіктегі ахуалға қатысы бар мәселелер бойынша хабардар етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік ше-караны қорғау және күзету мұқтажы үшін жер уәкелесерін береді. Сондай-ақ мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарға көмек көрсетеді, олардың ұсынуларын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де дең-гео актілерін қарайды және орындай-ды. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне Мемлекеттік ше-караны қорғауды қамтамасыз етуде жәрдем көрсетеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнде-рінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз үшін Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтаудан маңызды міндет жоқ», деген болатын. Еліміздің аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін Мем-лекет басшысы шын мәнінде орасан зор жұмыстар атқарып, біздің мемлекеттік шекарамызды толық айқындап, келісіп, заңдық тұрғыдан көршілерге ғана емес, халықаралық қауымдастыққа біржола мойындады. Ал мемлекетіміздің ше-карасы берік қолда ден сеніммен айа-ламыз. Өйткені, шекара қызметінде жоғарыда аталған заң талаптары қатаң сақталған.

Шекарамыз берік, халқымыз аман, еліміз тыныш болсын!
2019-әскери бөлімі.

● КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНДА ЖЫЛЫЖАЙ САЛЫНДЫ

Талсуат еділ мекеніндегі «Мүге-дектерді оңалту орталығында» жан-ден соғылған жылыжайдың ашылу рәсімі өтті. Аталған жылыжай БҰҰ мен «SAMSUNG» компаниясының қолдауымен салынған.

Айта кетейік, БҰҰ Даму бағдар-ламасы облысымызда 2014 жылдан бастап жұмыс жасайды. Бұл бағдарлама арқылы жергілікті халыққа әлеуметтік, экологиялық жағдайға көмек беру көзделген. Осы мақсатта әлеуметтік және білім беру салаларында жылы-жайлар салынуа. Талсуаттағы жылы-жай осы жұмыстардың кемісті жалғасы деп айтуға болады.

Оңалту орталығы алаңында бой көтерген жылыжай осы өңірдің ап-тапты желі мен ыстығына тәзімді құрылыс материалдарымен салынған. Оның ені 7,5 метр болса, ұзындығы 27 метрді құрайды. Осындай игіліктің басы-қасында жүрген БҰҰ облыстағы менеджері Баян Егізбаева мұндай жылыжайдың аудандарда да салынып жатқанын айтты.

Өздерің көріп отырғандай, бүгін мүгедектерді оңалту орталығы-нда жылыжай салынды. Енді аталған

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

КӘСІП АШҚАН КЕМ БОЛМАЙДЫ

Облыста мүмкіндігі шектеулі жандардың 4 мыңы еңбекке жарам-ды. Оның 2 мыңы бюджеттік салада қызмет етсе, 85-і жұмыспен қамту орталықтары арқылы еңбекпен қамтылды. Ал қалғандары кәсіпкерлік са-ласына ден қойған. Мұндай жетістікке наурыз айында қолға алынған мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартуға арналған 2017-2018 жылдарды қамтитын аймақтық «Жол картасы» бағдарламасы сеп болды. Бұл жайын-да облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы өкілдері айтты.

Мәселен, кәсіпкер Бибайша Юсупованың бір кезде ашқан шағын тігін цехы бүгінде кеңейген. «Даму» қорына бизнес жобасын өткізіп, 300 мың теңге грант иеленген шебер өткен жылы кәсібін бастап кетті. Қазір ұлттық нақыштағы «қыз жасауына» өзге өңірлерден де тапсырыстың толаасыз болатынын айтады. Алғашында сырғатын жеңу үшін қолға алған, қазір отба-сын асыратын кәсіп көзіне айналған.

Айта кетейік, облыста қолға алған «Жол картасы» бағдарламасы жеті бағыттан тұрады. Оның ішінде-медициналық, кәсіби, әлеуметтік оңалту, спортқа қатысу, мәдени өмірге араласу, ақпараттандыру мәселелері бар.

● ТАРИХНАМА

Өткен 17-18 ғасырларда қазақ даласында өндіріс орындары болған жоқ. Өндіріс тауарларын орыс көпестері көптеп шоғырланған Қызылжардан ғана табуға болатын. Бұл кезде ақша айналымының орнына мал жүрді. Қазақ даласының әр түкпірінен отар-отар мал айдап келіп, казактар қажетті тауарлары мен тұрмыс заттарын осы жерден алатын.

1848 жылы орыс көпесі Ботов мал айдаған казактарды Токпак тауы жазығынан күтін алып, өндіріс тауарларын қымбат бағаға балап, мал мен одан алатын өнімдерді, қолөнер бұйымдарын еуропалық қалаларға дейін жеткізіп көп пайда тапқан. Мұндай оңай олжа басқа да орыс көпестерінің назарын аударып, 1849 жылы Қарқаралыдан елу шақырым жердегі Қояндыда айырбас сауда орталығы ашылды. Тұрақты айырбас орны белгіленгендіктен сауда жыл сайын қызып, жәрменке дәрежесіне жетеді. Жәрменкенің дәл осы жерден ашылуына көпестердің Қызылжарға мен Қытай арасындағы жолы болғандығы әсер етеді. Алғашқы жылдардағы сауда ашық аспан астында болғанымен, 1871 жылдан бастап, алғашқы сауда бағандары салынады. Осы кезеңде Батыс Сібір Бас баскармасының кеңесі жәрменкенің әр жылы 15 маусым мен 15 шілде аралығында ұйымдастырылуын қажатпен бекіткен.

1900 жылы бұл жерде 30 дүкен, 270-тен аса балаған, 700-ден аса киіз үй болған. Телеграф тартылып, пошта, банк, полиция бөлімшелері ашылған. Бұл жұмыстарға Ресейдің қаржы министрлігі араласқан. Себебі түсінікті, ресейліктер Қоянды жәрменкесі арқылы тұтыну тауарларын арзан бағамен иелену мүмкіндігіне ұмтылған.

Сондай-ақ, жәрменкеде намаз оқытын гибадатхана, өнер өкілдерінің сахнасы – «Халық үйі» жұмыс істеген. Мұнымен бірге мал өнімдерінен бөлек – шай, қалау, құрма, өзге де жемістің алуан түрі, азиялық маталар мен сәндік бұйымдарға көз сүрінетін. Қымыз сабада, айран күбіде, мал қарында, саудалы жерде ас та мол. Бұл жерге Батыс Қытай, Сібір, Ресей, Монғолия, Үндістан саудагерлері

Қой айдап қоян дыға бардым неше...



атылып келетін. 1869 жылдың өзінде ғана жәрменкеге саудаға түскен мал басы 500 мың болғаны санаққа енген.

Жәрменкенің бір басына биыл келген адам келесі басына келер жылы келемін деп кететін болған. Себебі сауда қатарлы созыла-созыла елу шақырымнан да ұзап кеткен.

Бұл жәрменкені қазіргі тілмен айтқанда «Қоянды ЭКСПО-сы» деп атауға болады. Өйткені жәрменке халықаралық дәрежеге көтерілді. Жан-жақтан келген өзге ұлт өкілдері осы жерде қазақтың тағамдарынан дәм татып, қолөнерін қызықтап, са-тып алды. Өнер шеберлерін тамашалады. Жалпы, халқымыздың ұлттық болмысын таныды.

Дегенде, ханбазар сауданың қызығын көнігі саудагерлер көбірек көрген. Ал, жүз қой айдап барған Сыр қазағы екі түйенің қоржын басы толатын ғана базарлық алып қайтқан. Олардың ішінде айна,

тарақ, кесе, шәйнек, құрым етік, қоян құлақшын, жібек мата, жей-де, жеңіл-желпі киім-кешек секілді заттар болған. Маға бай қазекем тұрмысқа қажетті мұндай керек-жарақты өзі өндірген.

Мың жарым шақырым жол жүру үшін, әрине, жаралуы ат, жазылы түйе керек. Өгіз арбасы ғана бар кедей ол жакқа қайдан бар-сын, бірақ олар да мың естігеннен бір көргісі келеді. «Асықпаған арбамен Қояндыға жетелді» деген сол кездің сөзі. Тарихи мәні бар осы мәтелді келе-келе айтушылардың «Асықпаған арбамен қоянға жетелді» деп бұрмалап жібергені өкінішті. О заман да, бұ заман, арбамен қоян күтанды көрдім деген біреу жоқ шығар.

Қоянды жәрменкесі қазақ даласының алғашқы сауда элита-сын қалыптастырып, халықтардың жақын араласуына да айрықша ықпал етті. Тұрақты экономикалық байланыс орнатып, халық өнері мен

мәдениетінің кең танылып, дамуына зор үлес қосты. Бұл жәрменкені ұлтымыздың өнер санқатары түлеген мектеп десек те болады. Бұл жерде атақты әнші, сырнайшы Майра Уәлиқызы танылған. Тіпті қазақ театрының өзі де осы жәрменден бастау алған. Өйгілі Калибек Қуанышбаев жәрменке кештерінде әртүрлі адамдарды пародиялап, саудагерлердің өзін сахна көрмеріне айналырып жіберген. Әміре Қашаубаев, Әбділін Омары, Иса Байзақов, Қажымұқан, Ба-луан Шолақ, Иманжүсіп секілді қазақ өнерінің шок жұлдыздары да халыққа өз бейнелерімен танылып, өнерлерін паш еткен. Айтыс пен ба-луан күресі, ат өнері жәрменкенің ажырамас бір бөлігіне айналып, байлар жеңімпаздарға жүлделер тағайындаған.

Мұнда билер съезі өтіп, онда түрлі әлеуметтік, құқықтық мәсе-лелер көтерілген. 1905 жылы Әлихан Бөкейхановтың басшылы-ғымен патша үкіметіне саяси қар-сылық ретінде 14 мың адам қол қойған петиция осы жәрменкеде жазылған. Шын мәнінде Қоянды қазақ зиялыларының ел жайын кеңесетін орталығына айналып, халықтың саяси-қоғамдық санасын біріктірді.

Осылайша тарихтан танбаланып тұрып орын алған Арқа төсіндегі Қоянды жәрменкесі 82 жыл дәуір-леп, 1930 жылы өзінің өмір сүруін тоқтатты. Мұның негізгі себебі, қазақ елінде жаппай көмекселеу мен қолқоздастыру саясаты белең алып, халық малдан жұтап, отырық-шылыққа көшті. Уездік және об-лыстық орталықтарда тұрақты сау-да дамыды. Қалалар зауыт-фабрика өнімдерін қоймасына айналды. Тауарлық-ақшалай айналым өсті. Міне, осының бәрі қазақ даласының мәні мен сәніне айналған, Сары-арқаның Жібек жолы аталған Қояндыны біржола таратып тынды.

Қоянды жәрменкесінің қазақ өмірінде, халықаралық байланыста сауда-экономикалық, рухани қарым-қатынас тұрғысынан атқарған қыз-меті өте зор. Сондықтан бұл атау ел үшін тарих жадына жазылып қалған бір дәуірдің белгісі есебінде қымбат.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.



Ауылдағы имандылық үйі

4500-ге жуық түтіні бар Төменарық ауылында «Ал-Хак» мешітінің есігі айқара ашылды. Бұрыннан түрлі ұлттың ба-сын қосып, тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан елді мекендегі имандылық үйінің ашылуы сал-танаттықа жер-жерден тілеусіз ағайын жиналды.

Имандылық үйінің ашылу рәсімінде Жанакорған аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Әбілғазы Төлегенов құттықтау лебізін білдірсе, мешіт салудың сауабы жақында ҚМДБ жанындағы ғұламаарх кеңесінің мүшесі Мұхан Исахан, облыс

орталығындағы «Сұлтан» мешітінің бас имамы Нұрлан Әбжанов, аудандық бас имамы Сайдулла Омаров насихат етті. Мешіт салу сауабының зор екенін көпшілікке жеткізді. Сонымен бірге, дін қызметкерлері осындай игі іске бастамашы болып, мешіт салуға демеушілік жасаған жанакорғандық кәсіпкерлер Бекболат, Ерболат, Нұрболат Аширөвтерге Алладан береке, ынтымак тіледі. Ел ақсақалдары алғысын білдіріп, ақ батасын берді. Ауыл әкімі Найрах-ман Фазылов тұрғындар атынан өз алғысын жеткізді.

Ауыл ортасынан мұнаралы,

сәулетті мешіттің бой көтеріуі ра-сында тұрғындар үшін қуанышты жағдай еді. Өз кезегінде ауыл тумас-ты, танымал қоғам қайраткері, «Ата-мекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер па-латасы төрағасының орынбаса-ры Мұрат Әбенов сөз алып, сауап-ты іске ризашылығын білдірді. Айта кету керек, Алла үйінің қаржылық демеу көрсеткен ел ағалары қата-рында Елтаңба авторы Жанарбек Мәлібеков, академик Мейірбек Мо-лабеков, белгілі азаматтар Құрбанғали Камалов, Мұрат Әбенов, Серғазы Кунтуаров, Абай Жәлігеров, Жалғас

Айтөреев, Арзан Байсұған, Кәрім Жұмабаевтар бар.

Мешіт үйінің лентасын салта-натты түрде ел ағалары Бақытбек Арынов пен Өтеш Сәдуов қнып, көпшілік имандылық үйінің ішкі мүмкіндіктерімен танысты. Жұма намазына дейін созылған насихат-тан соң, алғашқы азан шақырылып, жиылған жамағат жұма намазын оқыды. Одан әрі жер-жерден келген қонақтарға ауыл халық дастархан жай-ып, баба рухына құран бағыштады.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жанакорған ауданы.

● ЕЛ АУЗЫНАН

АЛТЫН ҚҰЛПЫТАС

Ел ішінен мешіт ашып, шариғат үкімін жүргізен Қолдас әулие кезеңінде табын Омырқұл деген кісінің он екі мың жылқысы болыпты, бірақ бір перзентке зар екен. Осы кісі Қолдас әулиеге келіп: «Мыңғырған мал бітсе де, бір бала бітпеді, Алладан дұға тілсін, пірім, мен бір перзентті болайын» – деп сақалын жас жуып жылапты. «Ал, онда қолыңды жай, – деп Қолдас ұзақ отырып, дұға қылып, бата беріпті. – Қол бастайтын ұлын, ел сыйлайтын қызын болады» – депті. Тарихта Сәрке батыр деген аты

қалған атақты тұлға осы батамен өмірге келген перзент екен. Омырқұл дүниеден өтер шағында баласына «Қолдас әулиенің басына құлпытас қой» деп ама-нат қалдырыпты. Сәрке батыр Үргешін жакқа мың жылқы айдап апарып, сол қаражатқа алтындаған құлпытас алып, әулиенің басына әкеліп қалды.

1926 жылы қызыл әскерлер күмен шағылысып тұрған алтын құлпытасы «ақымақ көшпелілер осыныша дүнианы өлген адамға қор қылыпты» деп бұзып алады. Бірақ олар дариядан өтіп бара жатып

сол құлпытасын бірге өздері де түгелдей суға кетіп өледі. Қолдас әулие аруағы оларға осындай жаза кеседі.

Бүгінде дейінгі салмақта жастар арасында өнер көрсеткен спорт-шы үш кездесу өткізіп, финалда Иран спортшысымен кездесті. Соңғы белдесуде қарсыласын 5:2 есебімен жеңіп, алтыннан алқа тақты.

Айта кетейік, Мәлдір Жанбұрбай 2012, 2013 жылдары қатарынан екі мәрте Азия чемпионы, үш мәрте күміс жүлдегері атанған болатын. Ол – 2015 жылғы жастар және 2016 жылғы ересектер арасындағы Әлем чемпионы.

Жас спортшыны алда бірнеше бәсеке күтіп тұр. Соның ішінде маңыздысы – үстемізге жылың қазан айында Испанияның Тенерифе қаласында өтетін Әлем чемпионы. Жерлесімізге сәттілік тілейміз.

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

М.ЖАСҰЛАНҰЛЫ.

Тырақұтай болған тұрарым



Халқымыз сыйлы қонағына қымыз ұсынып, алдына қазы-карта мен жал-жақсын қоса тартқан. Қымыз – жанға дәру, сан түрлі ауруға шипа боларлық сусын. Өсіресе, адамның ішкі ағзаларының жұмысын реттеуге септігін тигізетін көрінеді. Сөйтілдіктен үстінде жүрудің өзі (ата отыру) ем екен. Біріншіден, белсіздіктен сақтаса, екіншіден, бойыңды тік ұстатар бел-омыртқаға пайдасы орасан-зор. Бүгінде бұын ауруына шалдығып, өздерін тік ұстай алмайтын (буын-дарын жаса алмайтын) адамдар ел ат үстінде жүргізіп жаттықтыру арқылы емдеу орталықтары ашы-лып жатыр. Мұндайды ғылымда ип-потерация дейді.

Ағылшындық ғалымдар жылқы төлінің алғаш қолға үйретілген жері осы қазақ даласы екенін дәлелдеді. Қазіргі ғылым ол дәуірді «Бопай мәдениеті» деп қарастырып жүр. Ер жігіттің жан серігіне айналған тұрларбар жайлы әлі күнге дейін толассыз, тоқтаусыз жырылып та жазылып та келеді. Қазақ жаз-ба әдебиетінің басында тұрған Абай «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деп жырлап, нағыз тұрларға ғана тән теңеулермен бейнелесе, Құлагерін жоқтаған Ақан да, одан кейін ол жайында кино боларлық

дастан жазған І.Жансүгіров те қазақтың қазанаты жайында терең тебіренген. Үш жүздің басын қосып, бар қазаққа хан болған Абылайдың заманында жаумен болған бір қактығыста ханның атына жебе тиіп мертігіп, қоршауда қалыпты. Сонда ел басынан айырылса, иесіз қалатынын түсінген Жәнібек батыр қоршауды бұзып кіріп, Абылайға атын беріп, өзі жаудың қалың қолымен шайқаса кеттіті. Аңызға сүйенсек, Абылай мен Жәнібектей қазақтың қос бірдей тау тұлғалы азаматын ажалдан астындағы ат қана аман алып шыққан көрінеді. Мұндай оқиға ел ішінде көптеп сақталған. Жазушы Қойшығара Салғараұлының “Мүле” атты туын-дысында қытайларға қорған салуға мәжбүр еткен гүн патшасының батырлығымен қоса, жауға шабар атына ерекше мән бергені, сәйтулігі арқылы талай жекпе-жекте жеңіске жеткені баяндалады.

Қазақ пен жылқының етене жақындығы сонша, әлі күнге дейін ат көрсе мінгіміз келіп, қанымыз тулап тұратыны бар. Біздің елде ат спортының ерекше дамуы да содан шығар. Оның «Көкпар», «Бәйге», «Тенге алу», «Қыз қуу» сынды біздің халыққа тән бірнеше түрі бар. Алайда, бұл өз алдына бөлек

Қазақ «Ат – ер қанаты» деп сәйсулікті жасөспіріне балаған. Жылқы – дала жұртына тән мәдениетпен өмір сүрен, әлі күнге дейін салт-дәстүрі берік сақталған біздің халық үшін киелі жануар. Ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлардағы батырлардың ат-тары ерекше қасиет біткен тұлпарлар ретінде суреттеледі. Бұған Қобыландының – Тайбұры-лы, Алтамыстың – Байшұбары тіпті, ертегідегі Кендебайдың Керкұласы дәлел бола алады. Олар – айшылық алыс жерлер-ге жылдам жеткізетін тұлпар ғана емес, сонымен қатар, көкке сымар пырағы, батырлардың сенімді сергі.

әңгіме. Белгілі ғалым, қазақтың этномәдениетін тереңірек зертте-ген Акселеу Сейдімбек ел ішінде жүріп, атбегілер мен жылқы сын-шыларынан сәйтулік тұрғысында мәліметтер жинай келе Қамбар ата төлінің бойындағы он бес түрлі қасиетін атап өтеді. Жылқыға ер жігіттен, сұлу әйелден, түлкіден, қояннан, одан қала берді есектен үш-үш қасиеттен сінген көрінеді. Жылқының қоян қолтықты, түлкі сүйенсек, Абылай мен Жәнібектей қазақтың қос бірдей тау тұлғалы азаматын ажалдан астындағы ат қана аман алып шыққан көрінеді. Мұндай оқиға ел ішінде көптеп сақталған. Жазушы Қойшығара Салғараұлының “Мүле” атты туын-дысында қытайларға қорған салуға мәжбүр еткен гүн патшасының батырлығымен қоса, жауға шабар атына ерекше мән бергені, сәйтулігі арқылы талай жекпе-жекте жеңіске жеткені баяндалады.

Қазақ пен жылқының етене жақындығы сонша, әлі күнге дейін ат көрсе мінгіміз келіп, қанымыз тулап тұратыны бар. Біздің елде ат спортының ерекше дамуы да содан шығар. Оның «Көкпар», «Бәйге», «Тенге алу», «Қыз қуу» сынды біздің халыққа тән бірнеше түрі бар. Алайда, бұл өз алдына бөлек

Азиз БАТЫРБЕКОВ.

ҚАЗАҚСТАН ҮШІН САНДЫҚ ДЫБЫС ЖӘНЕ БЕЙНЕ САПАСЫ

Бүгінде телерадио арналарсыз біздің өмірімізді елестету тіпті мүмкін емес. Әр күн сайын осы сала мамандарының алдында хабар тарату сапасын жақсарту мен өзінің көрерменіне жол табатын бірегей контент құру тапсырмалары тұрады. Қазақстанда хабар тарату нарығының ірі қойбасшыларының бірі «Қазтелерадио» АҚ болып табылады.

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамы – хабар тарату саласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық операторы, оның мақсаты, жерсеріктік және эфирлік ха-бар таратудың қазіргі заманғы цифрлық форматтағы хабар таратуға көшу бойын-ша ҚР мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Компанияның қызметі ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен реттеледі.

«Қазтелерадионың» негізгі міндеті республиканың барлық тұрғындары үшін отандық теле және радио арналарын жоғары сапада қабылдау мүмкіндігін және теңдей қол жетімді болуын қамтамасыз ету болып табылады. Ол еліміздің қала және ауыл тұрғындарының арасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендету стратегиясының мақсатына сәйкестелген.

2006 жылы Женевада өткен Аймақтық радиобайланыс конференциясын-да аналогтық хабар таратудан цифрлық хабар таратуға көшу туралы Халықаралық конвенция қабылданған болатын. Келісімге 104 елдің өкілдері қол қойды, оның ішінде Қазақстан да бар. Қазақстан Республикасының жаңа цифрлық технологияларға өту және ақпараттық теңсіздікті төмендету жобасын ұлттық опе-ратор – «Қазтелерадио» АҚ тапсырды.

2012 жылдың ішінде айында индустрияландыру күніне арналған телекөпір ая-сында, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Астана қаласында медиа орталығында цифрлық эфирлік (жерсерікті) хабар тарату желісін іске қосу рәсімі болды. Президент цифрлық хабар таратуы деңгейіне үдемелі индустрияландырудың бір тармағы деп атап өтті. Цифрлық эфирлік сапада ұлттық телеарналарды тегін көру мүмкіндігін бірінші болып Астана, Алматы, Қарағанды, Жезқазған және Жанаөзен қалалары мен жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары иеленді. Нәтижесінде цифрлық эфирлік телеарна ел халқының 23%-на қолжетімді.

Бүгінгі күні 356 цифрлық РТС салынып, олар қазіргі заманғы хабар тарату құрал-жабдықтармен жабдықталған. Бұл Қазақстан халқының 77,5%-на отандық телеарналарды цифрлық сапада қабылдауға мүмкіндік береді.



Жобаны жүзеге асыру Астана, Алматы қалалары мен облыс орталықтары деңгейінде 30-ға жуық телеарналар және аудан мен ауылдық деңгейде 15-ке жуық телеарналар-ды тегін қабылдауға мүм-кіндік береді. Қызметтер, Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында толықтай қолжетімді.

2018 жылы жобаның аяқталғанын кейін 827 радиотелевизиалық стан-циялар (РТС) салынып, халықтың 95%-ы отандық телеарналарды цифрлық сапада қабылдайтын болады. Цифрлық эфирлік телевизия желісінің құрылысы басталғаннан бұрын 2011 жы-лы іске қосылған «ОТАУ TV» жерсеріктік желісі жобасы іске қосылған болатын. Және тек ОТАУ TV-дің арқасында отандық арналарды көруге мүмкіндігі жоқ шалғайдағы елді мекендерде енді 60-тан астам отандық теледидар және ра-дио арналарын, 70 шетелдік арналар қолжетімді. Алты жыл ішінде «ОТАУ TV» абоненттерінің саны 6500-ден 1,2 миллион отбасына дейін өсті.

2016 жылдың наурыз айынан қазан айына дейінгі уақытта компанияда үлкен жоба қолға алынған болатын. Ол «ОТАУ TV» жерсеріктік телевизиясына шетелдік Intelsat-904 ғарыш аппаратынан қазақстандық KazSat-3 жерсерігіне көшіру бола-тын. Қазақстандық «KazSat-3» жерсерігіне көшу көрермендерге қосымша SD арна-ларды және HD (айқындығы жоғары арналар) арналарды көруге мүмкіндік берді, олар тегін және толық топтамаларында қолжетімді. Биылғы жылы, негізгі отандық «Хабар» және «Қазақстан», KazSport телеарналары айқындығы жоғары сапада тегін топтамасында іске қосылды. ОТАУ TV көрермендері өтуде тегін пакеті айқындығы жоғары форматында Астана қаласында өтіп жатқан «EXPO-2017» халықаралық көрмесін көруге болады.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасының аумағында қызметі заңсыз бо-лып табылатын шетелдік жерсерік операторлары (ШЖО) танымал болып табыла-ды. Мәселе ШЖО Қазақстанда қызметті лицензиясыз көрсетсе, бұл қазақстандық пайдаланушылардың сол операторларға қызметтері үшін төленетін қаражатының елден шет жакқа шығуына әкеліп соғыды, сондай-ақ хабар тарату сеткаларында қазақстандық телеарналардың болмауы, ұлттық зинанаманы бұзу болып табылады.

Бүгінгі күні ОТАУ TV өз көрермендеріне 130 телерадиоарналардан тұратын қызықты контентті ұсынады, олардың ішінде 60-тан астам отандық теледидар және радио арналары және 70 шетелдік арналар. Біз алғашқы болып Қазақстанда Discovery топтамасынан өз абоненттеріміз үшін қазақ тілінде Discovery Showcase телеарнасын HD және SD форматтарында іске қостық.

Б.ПАНАБЕКОВ,
Қызылорда ОДРТ директоры.

● СПОРТ

«АҚ БИДАЙ» СПОРТ ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛДЫ

Шілденің 20-сы күні «Мұз айдыны» кешенінде ауыл спортшы-ларының VI «Ақ бидай» спорт ойындары басталды. Ауыл жастарының басын қосқан бұл жарысқа облыстың жеті ауданынан 1000-ға жуық спортшы 14 сайыс түрінен бақ сынасады.

Төрт жылда бір өтетін ауыл спорт ойындары үш кезеңмен жүргізіледі. Біріншісі мамыр айында ауылдық елді мекендерден баста-тау ала, екінші кезеңі маусым, шілде айында аудан орталықтарында өткізілді. Енді қорытынды бөлімі облыс орталығында өтеді.

Спорт ойындарының мақсаты – дене шынықтыру және спорт арқылы ауыл жастарының арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру қозғалысын дамыту, елді мекендерде спорттық базалар-ды нығайту, шеберлікті арттыру. Сонымен бірге, осы сайыстан соң үстемізге жылың 11-16 қыркүйек аралығында Ақтөбе облысында өтетін республикалық жарысқа спортшылар іріктеледі.

Спорт ойындарының шағын футболдан жарысы «Локомотив» ста-дионында, волейбол «Мұз айдыны» спорт кешенінде, асық ату жеңіл ат-летика манежінде өтеді. Жарыс 23 шілдеге дейін жалғасалы.

ҮШІНШІ МӘРТЕ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Астана қаласында қарат-додан өткен 14-ші Азия чемпионатында жерлесіміз Мәлдір Жанбұрбай алтын жүлдені иеленді.

Әлемің 28 мемлекетінен мынанан аса спортшы қатысқан дүбірлі долада Мәлдір қазақ елінің туын көкте желбіретіп, әнұранын шығартады.

50 келіге дейінгі салмақта жастар арасында өнер көрсеткен спорт-шы үш кездесу өткізіп, финалда Иран спортшысымен кездесті. Соңғы белдесуде қарсыласын 5:2 есебімен жеңіп, алтыннан алқа тақты.

Айта кетейік, Мәлдір Жанбұрбай 2012, 2013 жылдары қатарынан екі мәрте Азия чемпионы, үш мәрте күміс жүлдегері атанған болатын. Ол – 2015 жылғы жастар және 2016 жылғы ересектер арасындағы Әлем чемпионы.

Жас спортшыны алда бірнеше бәсеке күтіп тұр. Соның ішінде маңыздысы – үстемізге жылың қазан айында Испанияның Тенерифе қаласында өтетін Әлем чемпионы. Жерлесімізге сәттілік тілейміз.

М.ЖАСҰЛАНҰЛЫ.

Меншік нөсі:

Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабдырау бөлмесі
телефас

70-00-36

Сыр бойы